



Қазақстан қор биржасы  
Казахстанская фондовая биржа  
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы  
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж  
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2019 жылдың 26 шілдесі

### **KASE валюталық нарықта орталық контрагент ретінде өтімділік провайдерлерін тартты**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) валюталық нарықта орталық контрагент қызметін дамыту аясында биржалық нарықта саудаланатын шет елдік валютамен өтімділігін ұсыну бойынша қызмет көрсету туралы келісімге қол қойды:

- қытай юані бойынша "Алматы қаласындағы Қытай Сауда-кәсіпорны Банкімен" (ICBC);
- ресей рубль және еуро бойынша Еуразиялық даму Банкімен (EABR);
- еуро бойынша "Kaspi Bank" АҚ (Kaspi Bank).

Келісім аясында ICBC, EABR және Kaspi Bank Қазақстан қор биржасына Биржаның валюталық нарықта орталық контрагент ретінде Биржаның міндеттемелерін уақтылы орындау мақсатында қытай юані, ресей рубль және еуромен өтімділігін ұсынуды көздеп отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚР ҰБ) "Орталық контрагентке өтімділігін ұсыну тетігі туралы" қаулысына сәйкес, орталық контрагент ретінде теңгемен және АҚШ долларымен өтімділігін ұсынады.

Биржалық нарықта саудаланатын барлық шет елдік валюталар бойынша өтімділік провайдерінің болуы валюталық нарық қатысушылары үшін орталық контрагент ретінде KASE сенімділігін едәуір арттырады және биржалық мәміле бойынша есептеулердің уақтылы және толық болуына қосымша кепіл бола алады, ол әсіресе валюталық нарықты дамыту, оның өтімділігін арттыру және биржалық валюта бағамының көрнекілігін арттыруға ықпал етеді.

Саудаланатын шет елдік валюталар бойынша өтімділік провайдері ретінде биржалық саудасаттыққа белсенді қатысушылар болып табылатын тұрақты қаржы институттарын тарту қаржы нарығының маңызды инфрақұрылымдарының бірі ретінде орталық контрагенттің қалыптасуындағы маңызды қадам болып табылады.

Жасалған келісім-шарттар аясында ICBC, EABR және Kaspi Bank Қазақстан қор биржасына валюталық нарықта дефолт жағдайларын реттеу үшін көрсетілген валютада өтімділігін ұсынуға дайын. Сонымен қатар, валюталық нарықта өтімділік провайдерлерінің қатысуымен реттеудің қабылданған рәсімдерінде KASE өтімділікті ұсынуға дайын. Сонымен қатар, өтімділіктің қатысуымен реттеудің қабылданған рәсімдері Қазақстан қор биржасына барлық саудасаттыққа қатысушылар алдындағы міндеттерін уақтылы орындауға мүмкіндік береді.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және

корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS), БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).